

**«МЕЙІРІМДІ СУРЕТТЕР»
БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫСТАРЫ КОНКУРСЫНЫҢ**

ЕРЕЖЕСІ

(«Біз – сенің достарыңбыз» мектеп бағдарламасы аясында)

**«МЕЙІРІМДІ СУРЕТТЕР»
балалар суретінің конкурсы
жарияланады**

Конкурс ұйымдастырушылары:

- Алматы қаласы Білім басқармасының «Білім берудегі жаңа технологиялар қалалық ғылыми-әдістемелік орталығы»
- Астана қаласы әкімдігінің әдістемелік орталығы
- «Нестле Фуд Қазақстан» ЖШС

Конкурс «Біз – сенің достарыңбыз» білім беру бағдарламасы аясында өткізіледі

Жалпы ережелер.

«МЕЙІРІМДІ СУРЕТТЕР» балалар суреттерінің конкурсы туралы осы ережелер (әрі қарай – «Конкурс») Конкурстың мақсаттары мен міндеттерін, ұйымдастыру және өткізу тәртібін анықтайды, Конкурсқа ұсынылатын материалдарға қойылатын талаптарды, оларды бағалау өлшемшарттарын; жеңімпаздарды анықтау және марапаттау тәртібін белгілейді.

2. Конкурстың мақсаттары мен міндеттері.

2.1. Конкурстың мақсаты: үй жануарларына жауапты қарау негіздерін, үй жануарларының адам өміріндегі рөлін түсінуді, үй жануарларына қамқорлық көрсетуге дайындықты қалыптастыру.

2.2. Конкурстың міндеттері:

- Балалардың үй жануарларына адамның жауапты қарау қажеттілігі туралы, үй жануарларының өз иелерінің өмірінде атқаратын рөлі туралы түсінігін қалыптастыруға септігін тигізу.
- Балалардың өз үй жануарларына қалай күтім жасауға болатыны туралы түсінігін қалыптастыру, оларды үй жануарларына қамқорлық көрсетумен байланысты нақты іс-әрекетке тарту.
- Балалардың шығармашылық дағдыларын, қоршаған ортамен (ересектермен, құрдастарымен) тиімді өзара әрекеттесе алу қабілетін дамыту
- Балалардың әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс істеу, қажетті ақпаратты табу, оны талдау және жинақтау дағдыларын дамытуға септігін тизігу.

3. Конкурс Қатысушылары

3.1. Конкурсқа педагог немесе тәрбиешінің басшылығымен «Біз – сенің достарыңбыз» бағдарламасын оқып жатқан балалар қатыса алады. Жасы: 6–11 жас.

3.2. Баланың Конкурсқа қатысуы үшін оның заңды өкілі (ата-анасы немесе қамқоршысы) белгіленген нұсқа бойынша келісімді міндетті түрде толтырып (2-Қосымша), <https://pet-school.kz/> электрондық адреске жіберуі тиіс.

4. Конкурс шарттары

4.1. Конкурса жұмыс ұсыну ашық офертаны (Ережелер шарттарын) акцепттеу болып табылады.

4.2. Конкурса қатысушылар өз үй жануарларына немесе бағып-асырағысы келетін үй жануарларына арнап салған суреттері (әрі қарай – «Жұмыстар») қабылданады.

4.3. Конкурса қатысу арқылы Қатысушылар және олардың заңды өкілдері ұсынылған жұмыстарды конкурс Ұйымдастырушылары арнайы педагогикалық баспасөзде, Интернет желісінде орналастыру, әдістемелік жинақтарды дайындау, ашық іс-шараларда көрсету, бағдарламаға арналған демонстрациялық және өзге де материалдарға енгізу үшін қосымша келісімсіз, Қазақстан Республикасының аумағында және оның шегінен тыс жерлерде (бүкіл әлемге), ешқандай сыйақы төлемей, соның ішінде анонимді пайдалану (автордың аты-жөнін көрсетпей) үшін пайдалана алатынына келіседі.

4.4. Қатысушылар, сондай-ақ Қатысушылардың заңды өкілдері өздері жеке жасаған Жұмыстар бұрын көбейтілмегеніне, сату немесе өзге де иеліктен шығару жолымен таратылмағанына, жария көрсетілмегеніне, жалпыға мәлімделмегеніне кепілдік береді. Ондай материалдарға құқықтар иеліктен шығарылмаған, шарттар бойынша өзге тұлғалармен кепілге қойылмаған.

4.5. Қатысушылар, сондай-ақ Қатысушылардың заңды өкілдері өздері жеке жасаған Жұмыстар заңмен қорғалатын басқа туындының заңсыз өңделуінің нәтижесі болып табылмайтынына кепілдік береді.

4.6. Қатысушылар, сондай-ақ Қатысушылардың заңды өкілдері өздері ұсынған Жұмыстар үшінші тұлғалардың авторлық құқықтарын және зияткерлік меншік құқықтарының өзге де құқықтарын бұзбайтынына кепілдік береді және үшінші тұлғалар тарапынан Ұйымдастырушыға қатысушылар ұсынған материалдарды пайдалануға қатысты талаптар қойылған жағдайда, қатысушылар мұндай талаптарды өз бетінше және өз есебінен реттеуге міндеттенеді.

5. Конкурсты өткізу тәртібі.

5.1. Конкурс 16.03.2026 жылдан 24.04.2026 жылға дейінгі кезеңде өткізіледі, соның ішіне қорытындыларды шығару, нәтижелерді жариялау мерзімдері кіреді.

5.2. Жұмыстарды жинау: 16.03.2026 – 23.04.2026 ж.

Балалар Жұмыстарды дайындайды. Ата-аналар жұмыстарды <https://pet-school.kz/> сайтының "Балаларға және Ата-аналарға/Конкурстар" бөлімінде жүктейді. Әрбір қатысушы тек бір ғана жұмысты жүктей алады.

5.3. Жұмыстарға дауыс беру: 16.03.2026 – 23.04.2026

Сайттың кез келген тіркелген пайдаланушылары қатысушылардың жұмыстарына «лайк» қою арқылы дауыс бере алады. Әрбір жұмысқа тек бір рет ғана дауыс беруге болады. Пайдаланушы қоя алатын «лайктардың» жалпы саны – 3.

5.4. Нәтижелерді жариялау және жеңімпаздарды марапаттау – 12.05.2026 дейін

6. Конкурстық жұмыстарға қойылатын талаптар:

6.1. Жұмыс үй жануарларына және адамдар мен үй жануарларының өзара қарым-қатынасы тақырыбына салынған сурет болып табылады.

6.2. Жұмыс кез келген бейнелеу техникасында орындалуы мүмкін – графика, акварель, пастель және т. б.

6.3. Жұмыста мыналар болуы тиіс: автордың аты-жөні, жасы, мектеп нөмірі, сыныбы (қолтаңба қоятын жер суреттің төменгі оң жақ бұрышында орналасуы тиіс)

6.4. Жұмысты <https://pet-school.kz/> сайтында конкурс қатысушысының заңды өкілі жүктейді.

6.5. Аталған ресімдеу талаптарына сәйкес келмейтін жұмыстар конкурсқа қабылданбайды.

7. Қатысушыларды марапаттау

7.1. Қазылар алқасының бағасы бойынша максималды ұпай жинаған 5 Қатысушы Жеңімпаз Дипломдарымен және құны 5 АЕК-тен аспайтын кәдесыйлармен марапатталады.

7.2. Жеңімпаздардан кейінгі 10 Қатысушы құны 5 АЕК-тен аспайтын кәдесыйлар мен Лауреат Дипломдарын алады.

7.3. Ең көп лайк жинаған екі қатысушы құны 5 АЕК-тен аспайтын кәдесый алады.

7.5. Ұйымдастырушы Қатысушыны «Жүлде аңдушы» деп санаған жағдайда, оны Конкурстан шығарып тастауға құқылы. Осы ережелердің қағидаларына сәйкес «Жүлде аңдушы» термині төменде көрсетілген әрекеттердің бірін немесе бірнешеуін (соларды қоса, бірақ олармен шектелмей) жасаған тұлға деп түсініледі:

- конкурстық сайтта тіркелген бірнеше аккаунт арқылы Конкурсқа қатысушы;
- конкурстық сайтта тіркелу кезінде жалған, қате мәліметтерді көрсеткен, Ұйымдастырушыға көрсетілген мәліметтерді растайтын құжаттар мен ақпаратты ұсынудан бас тартқан;
- осы ережелердің қағидаларына сәйкес тыйым салынған әрекет арттырудың кез келген түрлерін жүзеге асырушы¹;
- тұрақты негізде әртүрлі акцияларға, конкурстарға, жарнамалық іс-шараларға және т. б. қатысудан материалдық пайда алуға бағытталған іс-әрекетті жүзеге асырушы.
- ұйымдастырушы ережелердің осы тармағының жоғарғы жағында белгіленген өлшемшарттарға сәйкес келмейтін өзге тұлғаны Жүлде аңдушы деп санау құқығын өзіне қалдырады.

7.6. Кәдесыйлар Ұйымдастырушылардың қалауына қарай таңдалады.

7.7. Конкурс қорытындысы бойынша «Нестле Фуд Қазақстан» ЖШС сайтта конкурс аясында жарияланған суреттер саны қанша болса, панасыз жануарлар үйіне Purina брендінің сонша килограмм азығын жібереді.

7.8. Акция қорытындысы бойынша жануарлар үйіне азық жіберу туралы есеп <https://pet-school.kz/> сайтында 12.05.2026 ж. кешіктірмей жарияланады.

8. Қосымша шарттар

8.1. Ұйымдастырушылар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кез келген уақытта Конкурстың бүкіл немесе бір бөлігін өткізуден бас тарту құқығын өздеріне қалдырады.

8.2. Ұйымдастырушы салық агенті ролін атқарып, Қатысушылардың кәдесыйлар алуына байланысты туындайтын ҚР заңнамасында көзделген салықтарды есептеу және төлеу жөніндегі міндеттемелерді өз мойнына алады.

8.3. Сувенирді алу кезінде Жеңімпаз (өзінің немесе өзінің заңды өкілінің) жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқасын және ЖСН ұсынуы тиіс.

8.4. Осы Ережелердің кез келген шартын бұзу қатысушыны марапат алу құқығынан айырады. Мұндай қатысушы Конкурстан шығарылады.

¹ Әрекеттерді арттыру — бір компьютерден Конкурс ережелерінде рұқсат етілгеннен артық әрекеттер жасауға мүмкіндік беретін әдістер (динамикалық IP-адресстерді пайдалану және cookie тазарту, нақты IP-адрессті жасыру, арттыру ретінде Интернеттің бұғатталған/белсенді емес пайдаланушыларын пайдалануға және арттырудың өзге де тәсілдеріне тыйым салынады). Ұйымдастырушы қолда бар техникалық мүмкіндіктерді ескере отырып, Әрекеттерді арттырудың бар-жоғын өз бетінше анықтайды.

**Балалар суреттері конкурсына ұсынылған жұмыстарды бағалау
өлшемшарттары**

Конкурсқа ұсынылған жұмыстарды келесі өлшемшарттар бойынша бағалау ұсынылады:

- 1. Жұмыс идеясының өзектілігі: мазмұнының конкурс тақырыбына сәйкестігі – 5 балға дейін**
- 2. Баяндау ерекшелігі.**
 - Қызықты, тартымды сюжет – 5 балға дейін
 - Ұсынудың ерекше түрі – 5 балға дейін
- 3. Материалды ұсыну нысаны**
 - Орындау ұқыптылығы (5 балға дейін)

Конкурсқа қатысуға және дербес деректерді өңдеуге
ЗАҢДЫ ӨКІЛДІҢ КЕЛІСІМІ

Мен, _____,
(толық Т.А.Ә.) паспорт/жеке куәлік: №, берген орган: _____,
ЖСН: _____, тұрғылықты мекенжай: _____

_____, « » _____ жылы туған, кәмелетке
толмаған _____

_____ (баланың толық Т.А.Ә., ЖСН: _____) (әрі
қарай «Қатысушы») заңды өкілі (ата-анасы / қамқоршысы) бола отырып,
осымен Қатысушының «МЕЙІРІМДІ СУРЕТ» балалар суретінің конкурсына
(әрі қарай – «Конкурс») қатысуына келісім беремін.

1. Жеке деректерді өңдеуге келісім

ҚР «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңына сәйкес, мен
Конкурс ұйымдастырушыларына (Алматы қ. білім берудегі жаңа
технологиялар МҒЗО, Астана қ. әкімдігінің Әдістемелік орталығы, «Нестле
Фуд Қазақстан» ЖШС) Қатысушының және осы келісімде және конкурстық
жұмыста көрсетілген менің жеке деректерімді (атым, тегім, жасым, мектеп
нөмірі, сыныбым) Конкурсты өткізу, оның қорытындыларын шығару және
марапаттау мақсаттары үшін жинау мен өңдеуге (жинауға, жүйелеуге,
жинақтауға, сақтауға, нақтылауға, пайдалануға, таратуға, иесіздендіруге,
бұғаттауға, жоюға) келісім беремін.

2. Шығармашылық жұмысты пайдалануға келісім

Мен Конкурс туралы ережемен танысқанымды растаймын және Қатысушы
ұсынған жұмыс Ұйымдастырушылар тарапынан сыйақы төлемей келесі
тәсілдермен пайдаланылуы мүмкін екеніне келісемін:

- Интернет желісінде орналастыру (<https://pet-school.kz/> сайтында және т. б.);
- педагогикалық баспасөзде және әдістемелік жинақтарда жариялау;
- ашық іс-шараларда және «Біз – сенің достарыңбыз» бағдарламасына арналған басқа материалдарда көрсету.

3. Авторлық кепілдіктер

Осымен мен жұмыс Қатысушының өз қолымен жасалғанына, үшінші
тұлғалардың авторлық құқықтары мен зияткерлік меншік құқықтарын
бұзбайтынына кепілдік беремін. Үшінші тұлғалар тарапынан талаптар
қойылған жағдайда, оларды өз бетімше және өз есебімнен реттеуге
міндеттенемін.

4. Қолданылу мерзімі

Осы келісім оған қол қойылған күннен бастап өңдеу мақсаттарына жеткенге дейін немесе оны жазбаша түрде кері қайтарып алғанға дейін қолданылады.

« ____ » _____ 2026 ж.

_____ / _____

(Қолы) (Қолдың толық жазылуы: Тегі Аты Әкесінің аты)